



№ 47
(9746)

23 қараша
Сәрсенбі
2022 жыл

Темір

Газет-халықтың көзі, құлағы һәм тілі. А.БАЙТҰРСЫНОВ.



АУДАНЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ
ГАЗЕТ 1930 ЖЫЛДАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ
temir.gazet
temir.gazet72@mail.ru

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ «ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ АЯСЫНДА, БИЛІК ПЕН БҰҚАРА АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСТЫҢ АШЫҚТЫҒЫН НЫҒАЙТУ МАҚСАТЫНДА, ТҰРҒЫНДАРМЕН ТІКЕЛЕЙ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТА БОЛУ ҮШІН АУДАН ӘКІМІ САЛАМАТ АМАНБАЕВ, БЕКІТІЛГЕН КЕСТЕГЕ СӘЙКЕС, ЖАҚСЫМАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ШҰБАРҚҰДЫҚ АУЫЛЫНЫҢ ЖӘНЕ ЖАҚСЫМАЙ БЕКЕТІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУЕ ӨТКІЗДІ. КЕЗДЕСУЕ АУДАН ӘКІМІМЕН БІРГЕ АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТ ХАТШЫСЫ Б. ШАИМОВ, МЕКЕМЕ ЖӘНЕ БӨЛІМ БАСШЫЛАРЫ ҚАТЫСТЫ.

ЖАҚСЫМАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ



Шұбарқұдық ауылындағы кездесуде тұрғындар тарапынан қаңғыбас иттерді аулау мен жайылым көлемін ұлғайту сияқты т. б. мәселелер қозғалды. Аудан әкімі тұсындағы түйткілдер кезең-кезеңімен шешілетінін айтып, өтініштер мен ұсыныстар бойынша кездесуге қатысқан жауапты сала мамандарына нақты тапсырмалар берді. Сондай-ақ, кездесу барысында ауыл тұрғындарының табысын көбейтіп, әл-ауқатын арттыру мақсатында қолға алынған «Ауыл аманаты» жобасының тиімді тұстары және жүзеге асыру тетіктері, кооперативтер

құру тәсілдері туралы түсіндірілді. Кездесу соңында аудан әкімі тұрғындарға жеке қабылдау өткізді. Жақсымай бекеті тұрғындарымен кездесуде С. Аманбаев, ауданда атқарылып жатқан жұмыстармен және алдағы жоспарлармен таныстырды. Мұнда тұрғындар мал жайылымын кеңейту, электр бағанасын қайта қалпына келтіру, қиреберіс жолға ЖСҚ өзгілеу, қаңғыбас иттерді аулау сияқты өзекті мәселелерді көтерді. Сонымен қатар аудан әкімі кездесуде Президент тапсырмасына сәйкес, алдағы үш жыл ауылды дамытуға

арналатынын тілге тиек етіп, жұмыссыздықты жою, халықты жеке кәсібін дөңгелету арқылы табыс табуға үйрету, бұл бағытта қолдау көрсету мақсатында тұрғындарға «Ауыл аманаты» жобасын түсіндірді. Тұрғындар жобаға қатысты жеке сұрақтарын қойып, нақты кеңестер алды. Аудан әкімі тұрғындар тарапынан айтылған ұсыныс-пікірлерді мұқият тындап, қойылған барлық сұрақтарға жауап берді және әрбір ұсынысты үнемі назарда ұстап, олардың шешілу жолдарын қарастыратынын жеткізді.

ТЕМІР ГАЗЕТИ.

БАҚ ӨКІЛДЕРІ БАС ҚОСТЫ



ТАЯУДА АУДАН ӘКІМІ САЛАМАТ ЕРМҰХАНҰЛЫ АМАНБАЕВ, АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ ҮЛКЕН МӘЖІЛІС ЗАЛЫНДА, ОБЛЫСТЫҚ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ӨКІЛДЕРІН ҚАРСЫ АЛДЫ. МҮНДА, ТЕМІР АУДАНЫНЫҢ ҚАЙТА ҚҰРЫЛҒАНЫНА 50 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙЛАСТЫРЫЛҒАН «БАСПАСӨЗ-2023» КҮНІН ӨТКІЗУ АЯСЫНДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ «АҚТӨБЕ», «АКТЮБНСКИЙ ВЕСТНИК» ГАЗЕТТЕРІНІҢ ЖӘНЕ «ҮШ ТАҒАН» ЖУРНАЛЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ БАС ҚОСТЫ.

Баспасөз жиынына «Ақтөбе Медиа» ЖШС директоры, Қазақстан Журналистер одағы облыстық ұйымының төрағасы Р.Отыңын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, облыстық «Ақтөбе» газетінің бас редакторы Е. Ашықбаев, Қазақстан Журналистер одағы облыстық ұйымының хатшысы, ақпарат саласының үздігі Н. Дирвор, облыстық «Ақтөбесі» газетінің қызметкері А. Қаратаев, Қазақстан

одағының мүшесі, ақын, облыстық «Ақтөбе» газетінің қызметкері Т. Тілеулесов, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, облыстық «Ақтөбе» газетінің фототілшісі Х. Раушанов, «Ақтөбе Медиа» ЖШС жарнама, жазылу және тарату бөлімінің менеджері Д. Әліева, еңбек ардагерлері, қоғам қайраткерлері, мекеме қызметкерлері және аудан тұрғындары қатысты. Облыстың белгілі журналистерін бір жерде тоғыстырған жынында аудан әкімі сөз сөйлеп, облыстағы байланысты бастамаларды халыққа құлағдар етіп, саналуан тақырыпта тартымды материалдар дайындап, жақсы істердің жаршысына айналған БАҚ өкілдерінің еңбектеріне

ризалығын білдіріп, тәулік бойы үздіксіз хабар тарату, сонымен қатар, мерзімді басылымдардың уақтылы шығару жұмысы үлкен жауапкершілікті, қажырлылықты талап ететінін атап өтіп, БАҚ өкілдерінің жұмыстарына сәттілік тіледі. Баспасөз саласы өкілдерінің бас қосуына жиналғандар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы насихаттаудың мәні мен маңызы, жолы мен жүйесі жайлы пікір алмасты. Сонымен қатар, басылымның ұзақ жылдар бойы тұрақты оқырмандары марапатталды. Іс-шара соңы аудан әкімдігінде ұйымдастырылған баспасөз көрмесін таныстырумен ұласты.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

ТЕМІР АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ С.АМАНБАЕВТЫҢ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР ӘКІМДЕРІНІҢ ТЕМІР АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУЛЕРІН ӨТКІЗУ КЕСТЕСІ (2022 жылдың желтоқсан айы бойынша)

| № т/б | Әкімінің Т.А.Ә. | Лауазымы | Елді мекенінің атауы,орны | Кездесулерді өткізу күні |
|-----------|------------------------------|--|--|--------------------------|
| IV тоқсан | | | | |
| 1. | Аманбаев С.Е. Қоқанов А.Б. | Темір ауданының әкімі Темір қ. әкімі | Темір қ. Жамбыл ауылы, мектеп ғимараты, Бірлік көшесі, 10 | 6.12.2022 ж., сағ.14.00 |
| 2. | Аманбаев С.Е. Қоқанов А.Б. | Темір ауданының әкімі Темір қ. әкімі | Темір қ. клуб ғимараты, С.Байшев көшесі, 6 | 06.12.2022 ж., сағ.16.00 |
| 3. | Аманбаев С.Е. Утегенов М.М. | Темір ауданының әкімі Кеңқияқ а/о әкімі | Кеңқияқ а/о, Башенкөл ауылы, медициналық пункт ғимараты, Ә.Смағұлов көшесі, 1 | 08.12.2022 ж., сағ.11.00 |
| 4. | Аманбаев С.Е. Утегенов М.М. | Темір ауданының әкімі Кеңқияқ а/о әкімі | Кеңқияқ а/о, Кеңқияқ ауылы, Мәдениет үйі ғимараты, Парк көшесі, 9Б | 08.12.2022 ж., сағ.14.00 |
| 5. | Аманбаев С.Е. Шүйіншалин М.Ж | Темір ауданының әкімі Саркөл а/о әкімі | Саркөл а/о, Шұбарши кенті, клуб ғимараты, Геолог көшесі, 25Д | 21.12.2022 ж., сағ.10.00 |
| 6. | Аманбаев С.Е. Шүйіншалин М.Ж | Темір ауданының әкімі Саркөл а/о әкімі | Саркөл а/о, Саркөл ауылы, клуб ғимараты, Мектеп көшесі, 32/1 | 21.12.2022 ж., сағ.11.00 |
| 7. | Аманбаев С.Е. Шүйіншалин М.Ж | Темір ауданының әкімі Саркөл а/о әкімі | Саркөл а/о, Құмсай ауылы, мектеп ғимараты, Жауымбай Обай көшесі, 25 | 21.12.2022 ж., сағ.14.00 |
| 8. | Аманбаев С.Е. Шүйіншалин М.Ж | Темір ауданының әкімі Саркөл а/о әкімі | Саркөл а/о, Қопа ауылы, мектеп ғимараты, Қ.Жайлыбаев көшесі, 5 | 21.12.2022 ж., сағ.16.00 |
| 9. | Аманбаев С.Е. Нұралы Қ.М. | Темір ауданының әкімі Шұбарқұдық а/о әкімі | Шұбарқұдық а/о, Шұбарқұдық кенті, «Қазақ ауыл» м/а., мектеп ғимараты, Жамбыл көшесі, 1 | 22.12.2022 ж., сағ.11.00 |
| 10. | Аманбаев С.Е. Нұралы Қ.М. | Темір ауданының әкімі Шұбарқұдық а/о әкімі | Шұбарқұдық а/о, Шұбарқұдық кенті, мектеп ғимараты, «Задено» м/а., Дено көшесі, 1 | 22.12.2022 ж., сағ.15.00 |
| 11. | Аманбаев С.Е. Нұралы Қ.М. | Темір ауданының әкімі Шұбарқұдық а/о әкімі | Шұбарқұдық а/о, Шұбарқұдық кенті, «Қызылжар» м/а., дене шынықтыру және сауықтыру кешені ғимараты, Қызылжар 1 көшесі, 50Б | 22.12.2022 ж., сағ.17.00 |
| 12. | Аманбаев С.Е. Нұралы Қ.М. | Темір ауданының әкімі Шұбарқұдық а/о әкімі | Шұбарқұдық а/о, Шұбарқұдық кенті, «Теріскей» м/а., мектеп ғимараты, Теріскей көшесі, 50 | 23.12.2022 ж., сағ.10.00 |
| 13. | Аманбаев С.Е. Нұралы Қ.М. | Темір ауданының әкімі Шұбарқұдық а/о әкімі | Шұбарқұдық а/о, Шұбарқұдық кенті, «Аққудық» м/а., мектеп ғимараты, Н.Байғанин көшесі, 43Б | 23.12.2022 ж., сағ.15.00 |
| 14. | Аманбаев С.Е. Нұралы Қ.М. | Темір ауданының әкімі Шұбарқұдық а/о әкімі | Шұбарқұдық а/о, Шұбарқұдық кенті, «Вокзал алаңы» м/а., өкілшілік ғимарат, Желтоқсан көшесі, 8 | 23.12.2022 ж., сағ.16.00 |

Ескерту: әрбір кездесуден кейін жеке қабылдау жүргізіледі. «Темір ауданы әкімі аппараты» ММ

ЖУЫҚТА АУДАН ӘКІМІ САЛАМАТ АМАНБАЕВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН АППАРАТТЫҚ МӘЖІЛІС ӨТІП, КҮН ТӘРТІБІНДЕ АУДАН БОЙЫНША ЖЕДЕЛ РЕСПИРАТОРЛЫҚ ВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯЛАР МЕН ТҰМАУ АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ ЖӘНЕ АУДАНДАҒЫ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ ҚАРАЛДЫ. ОТЫРЫСҚА АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ Н. КӨШЕКБАЕВА, АУДАНЫҚ САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ С. НҰҒМАНОВА, БӨЛІМ ЖӘНЕ МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫ ҚАТЫСТЫ.

ТҰМАУҒА ҚАРСЫ ЕКПЕ




Мәжілістің күн тәртібінде тұмауға қарсы жүргізілген вакцинация жұмыстары туралы аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы С.Нұғманованың баяндамасы тыңдалды. Оның мәлімдеуінше, өңірде ЖРВИ-мен сырқаттанудың маусымдық өсуі бар. Эпидемиологиялық маусымнан бастап, ауданда жедел респираторлық вирустық инфекцияны жұқтырудың 33 жағдайы тіркелген. Ауырғандардың 57,5 пайызы 14 жасқа дейінгі балалар. Қазіргі таңдағы ДДҰ-ның берген мәліметіне сүйенсек, В типті тұмау вирусы анықталуда. Тұмаудың алдын алу үшін тиімді әдістерінің бірі – вакцинация. Тұмауға қарсы екпе – аурудың асқынуынан, ауруханаға жатқызудан және өлімнен қорғайды. Бүгінде аудан бойынша тұрғындарды тұмауға қарсы екпемен қамту көрсеткіші 16 пайызды құрап отыр.

Жылы соңында аудан әкімі елге қатысты ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейтуді, тұмау маусымының басталуына байланысты дәрханна желісінің басшыларымен кездесіп, қажетті дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етуді, ЖРВИ-дің алдын алу бағытындағы барлық шараларды мейлінше жандандыруды тапсырды және аталған тапсырмалардың орындалуын бақылау – аудан әкімінің орынбасары Н.Көшекбаеваға міндеттелді.

ТЕМІР ГАЗЕТИ.

ҮШЕМ ӨМІРГЕ КЕЛДІ

АҚТӨБЕ ПЕРИНАТАЛДЫ ОРТАЛЫҒЫНДА ҮШЕМ ӨМІРГЕ КЕЛДІ. САРКӨЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ТҰРҒЫНЫ ҚАЛИОЛЛА ЖАЙНАГҰЛ ДҮНИЕГЕ ФАТИМА, МАДИНА, ӘМИНА АТТЫ ҮШ НӘРЕСТЕНІ ӨМІРГЕ ӨКЕЛДІ.



Өмірге бірінші келген – Әминаның салмағы 2200 граммды құраса, екінші сәби – Фатима 2020 грамм болды. Ал дүние есігін ашқан үшінші нәресте – Мадинаның салмағы 2000 грамм шықты. Бұл облыстық перинаталды орталық тарихында дүниеге келген үшінші үшем. Соңғы он айда мұнда 103 сәби дүниеге келген.

Қазір үшем анасының жанында және дәрігерлердің бақылауында. Ана мен сәбилердің жағдайы жақсы. Сәбилер күн өткен сайын салмақ қосып жатыр.

Үш сәбидің бірдей жарық дүние есігін ашуы сирек кездесетін құаныш. Бұл Темір ауданында дүние есігін ашқан бірінші үшем.

ТЕМІР ГАЗЕТИ.

«Темір» газетіне жазылу жүрін жатыр

Газетке «Қазпошта» бөлімшелерінде жазылуға болады. Телефоны: 8/71346/ 2-27-09- 2-25-00

| индекс | Жазылушылар санаты | 6- айға | 12 -айға |
|--------|----------------------------|---------|----------|
| 65524 | Жеке тұлғаларға | 1999,30 | 3998,60 |
| 66524 | Заңды тұлғаларға | 3007,84 | 6015,68 |
| 67524 | Жеңілдікпен жазылатындарға | 1657,78 | 3315,56 |



ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ӨТІНІШТЕРІ ЕСКЕРІЛДІ

ЖУЫРДА АУДАН ӘКІМІ САЛАМАТ ЕРМҰХАНҰЛЫ АМАНБАЕВҚА, ГЕОЛОГ ЖӘНЕ ЖАМБЫЛ КӨШЕЛЕРІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ АРҚЫЛЫ БҰРАЛҚЫ ИТТЕР САНЫНЫҢ КӨБЕЙІП КЕТКЕНДІГІН ЖАЗЫП, ШАРА ҚОЛДАНУДЫ ӨТІНГЕН БОЛАТЫН. ОСЫҒАН ОРАЙ, АУДАН БАСШЫСЫ АУДАНЫҚ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІНІҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ Ж. ИМАШОВПЕН, КЕНТ ӘКІМІ Қ. НҰРАЛЫМЕН, УЧАСКЕЛІК ИНСПЕКТОРЛАРМЕН ЖӘНЕ ВЕТЕРИНАРИЯ БЕКЕТІНІҢ БАСШЫСЫ Б. БАРСАЕВПЕН БІРГЕ АТАЛҒАН КӨШЕЛЕРДІ АРАЛАДЫ.

Аралау соңында аудан әкімі қаңғыбас иттерді аулау бойынша бірлескен жұмысты күшейтуді, тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын қарқынды жүргізуді, учаскелік полиция инспекторлары ветеринария саласының қызметкерлерімен бірлесіп отырып, әсіресе таңертең және кешкі уақытта балалар мектептен қайтқанда рейдтік шараларды ұдайы түрде жүргізуді тапсырды.

Сондай-ақ, аудан әкімі тұрғындарды қаңғыбас иттерден қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі жауапты лауазымды тұлғалардың жеке жауапкершілігін атап өтті және аталған тапсырмалардың орындалуын бақылау – аудан әкімінің орынбасары Ж. Қойшыбаевқа жүктелді.

ТЕМІР ГАЗЕТИ.



ЕЛ БОЛАШАҒЫ ТАҢДАЛҒАН КҮН

ӨТКЕН 20 ҚАРАША КҮНІ БҮКІЛ ЕЛІМІЗДІҢ ТҮКПІР-ТҮКПІРІНДЕГІ
ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІНДЕГІДЕЙ БАРЛЫҚ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІН САЙЛАУҒА ҚАТЫСЫП, ӨЗ
ТАҢДАУЛАРЫН ЖАСАДЫ.



Аудан тұрғындары бұл күнге ерекше дайындықпен келді. Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының шешімімен белгіленген дауыс берудің басталу уақыты, яғни 20 қараша күні сағат тілі 07. 00-ді көрсеткен бойдан тұрғындар сайлау учаскелеріне келе бастады. Аудан орталығындағы № 380-ші сайлау учаскесі орналасқан Нұрпейіс Байғанин атындағы мәдениет үйіне алғашқы болып дауыс беруге келгендердің қатарында, аталған мекеменің қызметкері Кенжебек Табынбайұлы болды.

Сондай-ақ аудан орталығының тұрғыны 1943 жылы туылған Райса Өбугалиева да осы қатардан көрінді. «Мен балаларым мен немерелерімнің жарқын болашағы үшін өз таңдауымды жасап, дауыс бердім» деді Р. Өбугалиева. Учаскелік сайлау комиссияның төрағасы Біржан Дабылдин, белсенділік танытқан осындай сайлаушыларды арнайы сыйлықтармен марапаттады.



Ал, № 3-ші мектептің ғимаратына жайғасқан № 379-шы сайлау учаскесіне 82 жастағы Жарылғасов Қанат ақсақалдың дауыс беруге келуі – жастарға үлгі болар іс еді. Осы сайлау учаскесінде аудандық обаға қарсы күрес мекемесінің дизайнері Назгүл Медиевамен сұхбаттасқанымызда, ол: «Бұл сайлау – бұдан бұрынғыларынан өзгешерек, яғни әділетті Қазақстанды құратын лайықты үміткерді таңдауға жасалған нағыз демократиялық шара» деді.



– Мен 18 жасымнан бері сайлауларда өзімнің азаматтық парызымды орындап келемін, – деді Қ. Жарылғасов. – Бұл жолғы сайлау өзгешерек. Бізді алдымызда жаңа Қазақстанды құру үшін жаңа реформалар күтіп тұр. Мен сол реформаларды жүзеге асыра алатын лайықты үміткерге дауысымды бердім.



Шұбарқұдық балалар саз мектебінде № 367-ші сайлау учаскесі орналасқан. Учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы Набира Ешімқұлованың айтуынша, мұнда да сайлаушылардың келу қарқыны жоғары болған. Дауыс беруге алғашқылардың қатарында келіп, белсенділік көрсеткен ерлі-зайыпты Қоқанов Батырхан мен Нұрғалиева Айнура болыпты. Расында да біз осында болған кезімізде дауыс беруге келушілердің қарасы көп екенін байқадық.

Қызылжар мөлтек ауданындағы денешынықтыру-сауықтыру кешеніндегі № 364-ші сайлау учаскесіне келгенімізде, сайлау бюлетенін алып, өз таңдауын жасап, сайлау жөшігіне бюлетендерді салып жатқандардың көптігіне куә болдық.



Мұнда аудан әкімі Саламат Ермұханұлы Аманбаев та келіп, Қазақстан Республикасы Президентіне кезектен тыс сайлауында өз таңдауын жасағанын білдік. Осында дауыс беруге келген Айнура Мұқашованың бүгін туылған күні екен. «Алла берген үш перзентім бар. Солардың көлешегі үшін, жаңа Қазақстан үшін дауыс бердім» деді ол бізбен әңгімесінде. Учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы Ақылбек Құлмынтаев, А. Мұқашованы туылған күнімен құттықтап, сыйлық тапсырды.



364-ші сайлау учаскесінде ерлі-зайыпты Тауекелов Зейнолла мен Тауекелова Дина ерте келіп, дауыс берген тұрғындардың бірі екен.



Біз бұдан кейін Оқушылар үйіндегі № 378-ші (төрағасы Еспағанбет Төлеуов), Жансен Кереев атындағы № 382-ші (төрағасы Сейітжан Сәліев), Шұбарқұдық гимназиясындағы № 381-ші (төрағасы Гүлжамал Қадыралина) сайлау учаскелерінде болып, дауыс берудің қарқынына куә болдық.



№ 378-ші сайлау учаскесінде сайлаушылардан Қайрат Адаевтың белсенділік танытқанын, № 381-ші және № 382-ші сайлау учаскесінде жасы биыл 18-ге толған Мирас Кәдіржанұлы мен Риза Қойшынның тұңғыш рет сайлауда дауыс бергенін білдік.



...Сонымен, аудан бойынша сайлауды ұйымдастыру деңгейі мен халықтың дауыс беруге деген белсенділігі, мәдениеттілігі жоғары болып, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға шейін жағдай жасалып, саяси шара ұйымшылдықпен өтті.

Өбдісәлі ДӘУЛЕТБАЙ.

16, 17 ҚАЗАН КҮНДЕРІ АУДАН ӘКІМІ САЛАМАТ АМАНБАЕВ КЕҢЕСТУЫ АУЫЛДЫҚ ОҚРУГІНДЕ БОЛЫП, ТҰРҒЫНДАР АЛДЫНДА ЕСЕП БЕРДІ. ОҚРУГ ОРТАЛЫҒЫНДА, ҚАЛМАҚЫРЫЛҒАН, ШИТҮБЕК, ҚОПА АУЫЛДАРЫНДАҒЫ КЕЗДЕСУЛЕРГЕ АУДАН ӘКІМІМЕН БІРГЕ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ХАТШЫСЫ Б. ШАИМОВ, МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫ, МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ ЖӘНЕ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ ҚАТЫСТЫ.

ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСУ



Аудан басшысы округ орталығындағы тұрғындармен кездесуде, 2022 жылы атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттерді баяндады. Мұнда ең алдымен жергілікті тұрғындар тарапынан түскен ұсыныстардың орындалуын тілге тиек етті. Сондай-ақ С. Аманбаев, 2025 жылға дейін жоспарланып, облыста бастау алған «Ауыл аманаты» жобасының мақсаты – халықтың табысын арттыру бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқанын, тұрғындарды агробизнеске тарту мен елді мекендердің экономикалық әлеуетін көтеру және өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталғанын түсіндірді.



Шитүбек ауылындағы тұрғындарымен есеп беру кездесуінде аудан әкімі сөзін алдағы уақытқа жоспарланған жұмыстармен таныстырудан бастап, кейін жергілікті халықтың мұң-мұқтажына құлақ түрді. Ауыл тұрғындары абаттандыру мен спорт алаңын салу мәселесін көтеріп, ұялы байланыс түйіні тарқатылғандығын айтты. Сондай-ақ, шитүбектіктер «Ауыл аманаты» жобасына қызығушылық танытып, жаңа жоба төңірегінде сұрақтарын қойып, нақты жауаптарын алды. Кездесуді қорытындылай келе, аудан әкімі есеп беру барысында айтылған ұсыныстар келер жылы аудандық бюджет қаржысына қарай кезек-кезеңімен шешімі табылатындығын жеткізді.



Кездесу барысында аудан басшысы, ауданның экономикалық-әлеуметтік дамуына өзіндік үлес қосқан Н.Түленовті, Ж. Шүкіровті, С. Тұрановты төсбелгімен марапаттады және ауыл тұрғындары өздерінің жағдайы күн санап жақсарып келе жатқанын айтып, аудан басшысы С. Аманбаев пен округ әкімі Ж. Маясаровқа алғысын білдірді.

С. Аманбаев Шитүбек елді мекенінің тұрғындарымен кездесуден кейін «Сайғақ Қазақстан» ЖШС өндірістік базасына барып, компания әкімшілігінің өкілімен кездесті. Жыл басынан бері бұл компания, келісім-шарт мерзімінің аяқталуына байланысты, барлық жұмысын тоқтатып, жұмысшыларын штаттан шығарған болатын. Аталмыш ЖШС өкілі аудан басшысына, кәсіпорын басшылығының тиісті министрлікке өндірістік қызметке жаңа келісім-шарт жасасу үшін, құжаттарды дайындау бойынша қабылданып жатқан шаралары туралы хабарлар етті және мәселе ағымдағы жылдың соңына дейін шешімін табатындығын жеткізді. Аудан әкімі кәсіпорын жұмысы қайта жанданған кезде шитүбектік он екі тұрғынды бұрынғы қызмет орындарына қайта қабылдауды қарастыру қажеттілігін еске салды және аталған тапсырманың орындалуын бақылауды округ әкімі Ж. Маясаровқа жүктеді.



Аудан әкімі Қалмақырылған ауылы тұрғындарымен кездесуде, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуымен қатар, ағымдағы жылы атқарылған істер мен орын алған кемшіліктерді саралап, биылғы міндеттер мен алдағы жоспармен таныстырды. Кездесуге келген тұрғындар көкейдегі сұрақтарын қойып, атқарылған жұмысқа оң баға беріп, бұған дейінгі кездесуде ұсыныс етілген өткенді маңайындағы жолдың тегістелгенін және сөз арасында ауылдағы жарықтандыру мен абаттандырудың жайын ортаға салды. Аудан әкімі ауыл тұрғындарына қорлайы өмір сүретін жағдай туғызу – бүгінгі күннің басты міндеті екенін алға тартып, кездесу соңында Қалмақырылған ауылының дамуына субелі үлес қосқан зейнеткер А. Келбетовті төсбелгімен марапаттады.



Ал Қопа ауылында болғанда аудан әкімі осындағы салынып жатқан спорт нысаны – хоккей корды қарады. Айта кету керек, бұл нысан де-мәушілік қаражат есебінен салынып жатыр. Спорт нысаны аяқталуға жақын және ағымдағы жылдың желтоқсан айында ресми түрде ашылады деп жоспарланады. Аталмыш корд көп функционалды спорттық нысан, яғни қыс мезгілінде шайбалы хоккейге, мөнерлеп сырғанауға және жаз мезгілінде шағын футбол ойнауға, сондай-ақ түрлі бұқаралық-спорттық іс-шаралар ұйымдастыруға арналған. Спорт нысанының пайдалануға берілуі – ауыл тұрғындарының спортпен айналысуына, бұқаралық спортты кеңінен насихаттауға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қорды тексеру соңында аудан басшысы, округ әкімі Ж.Маясаровқа құрылысы жүргізіліп жатқан нысанды уақытлы аяқтауды алға тартып, пайдалануға беруді тапсырды.

ТЕМІР ГАЗЕТИ.


ТҰРҒЫНДАР ДЕНСАУЛЫҒЫ НАЗАРДА

АУДАН ӘКІМІ САЛАМАТ ЕРМҰХАНҰЛЫ АМАНБАЕВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ӨТКЕН КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСТА АУЫЛДАҒЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫН ЖАҢҒЫРТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ. ЖИЫҒА АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ Ж.ҚОЙШЫБАЕВ, АУДАНДЫҚ АУРУХАНА БАС ДӘРІГЕРІНІҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ М. ҚОЯНБАЕВ, АУДАНДЫҚ КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ Е. ЖОЛДЫҒАРИН ҚАТЫСТЫ

Жиын барысында аудандық аурухана бас дәрігерінің міндетін атқарушы М. Қоянбаев, ауылдық жердегі денсаулық сақтау жүйесін одан әрі дамыту мақсатында әзірленген «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық ұлттық жобасының негізгі міндеттеріне тоқталды. Ұлттық жобаның аса маңызды аспектілерінің бірі – кадр тапшылығы проблемасын шешу және аудандағы медицина қызметкерлерінің біліктілік деңгейін арттыруға басымдық беріліп отыр. Бүгінгі таңда ауданда 76 дәрігер, 281 орта буын медицина қызметкерлері, 81 кіші медицина қызметкері, 114 техникалық қызметкер жұмыс жасайды. 2021 жылы 9 дәрігер, 2022 жылы 2 дәрігер жұмысқа қабылданды.

Жиынды қорытындылай келе аудан әкімі медициналық көмектің сапасын жақсартуды және қолжетімділігін арттыруды, ана мен бала денсаулығын сақтау мәселелеріне басымдық беруді, «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық ұлттық жобасының тетіктерін іске асыруды тапсырды. Аталған тапсырмалардың орындалуын бақылау – аудан әкімінің орынбасары Ж. Қойшыбаевқа жүктелді.

ТЕМІР ГАЗЕТИ.



«Кешегі сайлауда Қасым-Жомарт Кемелұлының әсінісіз елімізге Қазақстанды, біртөбелі мен табысты болашақты таңдаған барша қазақстандықтардың жолын...»

М. НУҒЫМАНОВ ШҰБАРҚҰДЫҚ АУЫЛДЫҚ ОҚРУГІН АРДАҒЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ



20 жасаралда өткен ҚР Президенті Саяси Ұлттық Конференциясының ардагері мен белсенді қариясы, Назарбаевтің «Ақын басымдылығын Қасым-Жомарт Кемелұлы жаңғыртып жеткізді»

«Мен бұл жетістіктерді қоғамның саналы түрде сенім білдіре отырып, Жолдасөмірмен бірге даму үшін жасаған маңызды қайылым деп білемін. Мен үміт еткендерім Мәдениет бөліміне қатысты бағдарламалардың іске асуы жолында бар ерік-жігерімді білдіріп жұмысқа шақырамын.»

А. СӘЛІМҒЕРЕЙ Аудандық Жастар Республикасы орталығының басшысы

Дін. Дәстүр. Қоғам.

ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР БЕЛГІЛІ БІР ЖҮЙЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН КІТАБЫ, СОЛ КІТАП ТҮСІРІЛГЕН ПАЙҒАМБАРЫ БОЛУДЫ ТАЛАП ЕТЕДІ. МЫСАЛЫ, МҰСА ПАЙҒАМБАРҒА ТАУРАТ, ИСА ПАЙҒАМБАРҒА ІНЖІЛ, МҰХАММЕД ПАЙҒАМБАРҒА (ОҒАН АЛЛАНЫҢ САЛАУАТЫ МЕН СӘЛЕМИ БОЛСЫН) ҚҰРАН ТҮСІРІЛГЕН. БҰЛАРДЫҢ АРАСЫНДА БЕЙТАРАП УАҚЫТ КЕЗЕҢІ БОЛДЫ. МЫСАЛЫ, МҰСА МЕН ИСАННЫҢ (ОЛАРҒА АЛЛАНЫҢ СӘЛЕМИ БОЛСЫН) АРАСЫНДА ШАМАМЕН 1800 ЖЫЛ КЕЗЕҢІ БОЛСА, ИСА МЕН МҰХАММЕД ПАЙҒАМБАРДЫҢ (ОҒАН АЛЛАНЫҢ САЛАУАТЫ МЕН СӘЛЕМИ БОЛСЫН) АРАСЫНДА 610 ЖЫЛ БЕЙТАРАП УАҚЫТ ӨТТІ.

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ИСЛАМ ӨРКЕНИЕТІ



Бұған қоса пайғамбар халықтар да өмір сүрді. Олардың бәрі бір жаратушының бар екенін мойындап, арабтар «Илаһ», еврейлер «Яхуда», парсылар «Худа», түркілер «Тәңір» деп жалбарынып, мінезат жасаған. Қазақ халқы бір Құдайдың бар екенін мойындаған. Демек тәңіршілдіктің түбінде бір Құдайға табыну жатыр. Бұл Ислам діндегі ең жоғарғы құндылық болып саналатын Алланы тану, Одан басқа тәңір жоқ екенін мойындаумен ұштасып жатыр.

Қазақ халқы: «Бір Алладан басқа тәңір жоқ» екенін мойындап қана қоймай, Мұхаммед пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ұрпағын лайық кемел мұсылман болуға ұмтылды. Өйткені, қазақ даласы тек Ислам әлеміне ғана емес, тіпті орта ғасырлардағы бүкіл өлкеге аты әйгілі мұсылман ғалымдарын шығарды. Ислам орта ғасырларда қазақ даласында бұрын болған қалалар мен қорғандар, қамалдар мен кенттердің іргетасын нығайтып қана қоймай, өзге де шаһарлардың ірге тебуіне ықпал етті. Исламды уағыздайтын мешіттер мен медреселер, ғылым-білім ошақтары бой көтерді. Отырардың шығысындағы Сайрам, Манкент, Тараз, Түймекент, Құлан, Меркі, Баласағұн, Шу қалалары ғана емес, Сыр бойындағы Сүткент, Яссы (Түркістан), Қарнақ, Сауран, Иқан, Қауған, Өзкент т. б. қалалардың жанданғандығын атап өтуге болады.

Тағы бір қалерде ұстанатын жайт – араб тілі бірнеше ғасыр бойы Орта Азияда ғылым мен білімнің тілі болды. Отырарлық Әбу Насыр әл-Фараби, Ысқақ әл-Фараби, Исмаил әл-Жауһарилер Тау және Орта Шығыс елдерінде білімін мұлағайтып, әлем мәдениетінің алтын қорынан орын алатын классикалық шығармалар қалдырды.

X-XII ғасырларда тек араб тілі ғана емес, бірте-бірте жергілікті халықтың

саяхатшы: «Сұлтан Мұхамед Өзбек ханның мемлекетінің қарамағына кіретін Құрам деген үлкен, көркем қала бар екен. Өзбек хан оған Түлкітемірді әкім етіп сайлаған. Бұл қалада қазилардың ішіндегі ең ұлыы, ханафилік қазы Шамсиддин Сайилиді жолықтырды. Сондай-ақ, ірі факих (шариғат заңгері) Шейх Салих ел-Абид Мұзаффариддинмен таныстым. Ол Сұлтан Мұхамед Өзбек хазіретке Сарай қаласына бізбен бірге серік болып барды» деп, қазақ даласының діни ахуалына шолу жасап, әрі қарай қазақтың арба үстіне тіліген киіз үйін суреттейді.

Ибн Баттута кітабында Қазақтың жылқының етін жеп, сүтін ішетінін, оны «қымыз» деп атайтынына дейін айта келіп, қазақ даласын мекендеген халықтың Исламға берік екеніне тоқталған. Өзбек ханның жұма намазын халықпен бірге оқитынын, оның төрт әйелі болғанын, қазақтың табиғатын, физиономиясын, діни ұстанымын, аманатқа беріктігін жоғары бағалаған.

Ибн Баттутаның жоғарыда айтылған сөзіне сүйенсек, Алтын орданың жоғарғы соты ханафи мазһабының қазы Шамсиддин Сайили болған. Оны «қазилардың ішіндегі ең ұлыы» деп жалпы Ислам әлеміндегі қазилардың арасынан жарық жұлдыздай орын алатынын атап отыр. Бұл Өзбек ханның Алтын орданы шариғат заңымен басқарғанына бұлтартпас дәлел болмақ. Оған қоса кез келген мемлекеттің қаржы бірлігі (валютасы) сол мемлекеттің рәмізі, стратегиялық объектісі болып саналады. Ал Өзбек ханның тұсында Алтын орданың теңгесі жири жыл санауымен мерзімделгені көрміз. Мысалы, 737 жири жылы (1337 жыл) басылған теңгеде (суретте) «Ас-Сұлтан әл-Ағзам Өзбек хан» деп сұлтанның өз аты жазылған (Хакимов Рафаиль. История татар и народов Евразии. – Казань, 2005).

XV-ғасырда Қазақ хандығы құрылып, Ислам әлемінің ажырамас бір бөлігіне айналды. Сонымен қатар І-ші мыңжылдықтың аяғы мен ІІ-ші мыңжылдықтың басындағы әлемдік дінде мен Ұлы Даланың ахуалы, қазақтың киелі даласындағы Исламның дамуы территориялық шекара арқылы сол заманның картасында көрсетілген.

Тарихымызға терең үңілсек, халқымыздың Ислам дінін, оның құндылықтарын мен қағидаларын, дидактикасын берік ұстанғанына көз жеткіземіз. Дін мен имандылық қазақ халқының мызғымас біртұтастығының кепілі болды және алдағы уақытта мемлекетіміздің болашақ табысты дамуына үлес қосар тәрбие кілті ретінде маңызы зор.

Ершат қажы АҒЫБАЙҰЛЫ, ҚМДБ Терағасының орынбасары, наиб мүфти.

ДЕБАТ – ЖАҢА ЗАМАН ТАЛАБЫ



«Дебат» (Debate) немесе пікірталас әртүрлі контексте орай сыни тұрғыдан ойлау немесе іскер ойын ретінде ұғынылады. Қазақша пікірталас деген ұғымға сәйкес келетін дебат – дидактикалық ізденістің маңызды саласы. Дебат бағдарламасы т ұ н д а р м а н д а р д ы пікірталас үрдісіне тарту арқылы интеллектің даму технологиясын ұсынады. Пікірталас түсушілердің мақсаты, әдетте даулы проблемалар бойынша қандай да бір позицияны қорғап, өзге позицияны теріске шығаруды көздейді. Жастар пікірталасының арнайы құрылымы, ережесі бар, тақырып аясы мен уақыты шектелі болады. Бұл бағыттағы пікірталастың өзінше үш-төрт үлгісі бар. Олар – мектеп оқушыларына арналған Карл Поппер дебатының бағдарламасы, студенттерге арналған Американ

Парламенттік Дебаты және Британ Парламенттік Дебаты, Линкольн және Дуглас пікір сайысы болып бөлінеді. Сабақтарда пікірталас әдістемесін түрлендіре пайдалану – оқушыларды ізденуге, сөйлеу дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Атап айтқанда оқушыларды өзіндік ой-пікірін жүйелі, дәйекті айта білуге, мәдениетті сөйлеуге, шығармашылық қабілетін шыңдауға, шұғыл шешім қабылдай білуге үйретеді, кітапханамен байланысы нығайтады, шешендік өнерді үйренуге машықтандырады. Жалпы, оқушылардың бойына ұлттық үрдісті сіндіруде, баланы озық қоғамға сай етіп тәрбиелеуде дебат технологиясының берер пайдасы мол. Оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру – бүгінгі күннің басты мақсаты болып қалу керек. Өз позициясын жақтап шығуға тырысқан оқушылар бос уақытта

сөзделмей, кітапханаға барып, түрлі материалдар іздейтінді. Дебаттың арқасында қазіргі таңда ғаламтордың шеңберінен шығарылып шыға алмай қалған балалардың көркем әдебиет оқуға құлшынысы арта түседі. Ойын барысында өз ойларын келелі сөз, шынайы шеберлікпен, шешен тілмен жеткізуге тырысады. Кез келген тыңдаушыға жүйелі сөз әсер етері хақ. Шешендік салтанат құрған жерде оқушылар ұлттық-рухани құндылықтарды бойына сіндіріп, болашақта ел жүгін мойымай арқалауға дайын тұрады. Жаңадану заманында білім берудің озық үлгілерін пайдалана отырып, нақты нәтижелерге қол жеткізу – бүгінгі заманның басты талабы.

А. БАЛҒОЖА, Темір аудандық оқушылар үйі «Тарихи риторика» үйірмесінің жетекшісі.

Жаңа жыр



Қыс - қария

Қабағымнан қар жауып жаталақтап,
Қыс - қария, қелдің бе сақалы аппақ,
Ару - құзді ұзатып салу үшін,
Бір-екі ауыз алдың ба бата жаттап?!

Тірі қалып лайсаннан, батпақтардан,
Қыз - бойжеткен пәктігін сақтап қалған.
Қыс - қария, қызыңа қесіп-пішіп,
Аппақ көйлек тігін бер аппақ қардан.

Қыз - сылқымға истық-ау чиқан қа,
Сыңсу айтып қимай әсир құстар, иә?
Қыз жасауын бермейтін сараң байдая,
Отырсаң-ау сұстаның, қыс - қария.

Қыс - қария, қымбат па құ қара бас?
Қызың кетіп барады тыр жалаңаш!
Тлау да, бау да көзімен ішіп-жесіп тұр,
Сұлуларға сұстаның кім қарамас?!

Қыз - бойжеткен тағдире қайтіп көнер?
Әлі бізге мүң-зарын айтып берер!
Қайтып келген қыздай боп соры қалың,
Әй, осы күз түбінде қайтып келер...

Мұқағалиға жолданбайтын хат

Уа, Мұқа, қайда барам сенен асып,
Ел менің өлеңіме неге ғашық?
Досым мен дұшпанымды айыра алмай,
Есігін жүрегімің берем ашып!

Бір жауыз досым болып құшақтап ап,
Арқама кетті өткенде пышақ қадан.
Бидайдай өлеңімді дүірменінен
Өткізіп, талқан қылып ұсақтамақ.

Жарамды тілмен жалап емден алып,
Үйірге қосылғаным кеуде қағып.
Соқырлар көретіндей өлең жаздым,
Ешкімге көрінбейтін жерге барып.

Кесеге құйып ішіп көз жасымды,
Урғаным тау мен тасқа өз басымды.
Білемін бұл асырда озбасымды,
Сеземін мен сонда да тозбасымды.

Мен үшін қиын емес төрден құлау,
Қиналмай жүріп келем жолмен мынау!
Шуады нағыз ақын деп едің ғой,
Уа, Мұқа, дәу де болса сол менмін-ау...

Бір досым болса, шіркін!

Дос қайда, бауыр қайда алып-ұшқан?
Көбінің тәні – пенде, жаны – мыстан!
Тұған күнім болғанда барлығы дос,
Басыма құн туғанда бәрі дұшпан.

Шекпен қиіп, шен таққан досым қайда,
Қиналғанда басымыз қосылмай ма?
Нұтқа мінсе атасын танымайтын
Дегенді айтты-ау бабам осиндайда!

Өзімнен де бар шығар, өзімнен де,
Тластадым ба бірүйдің сөзін жерге?!
Сырласатын дос таппай аласұрам,
Дүниеден баз кешіп, безінгенде.

Кез келген адамдарға кез келмейтін,
Бір досым болса, шіркін, өзгермейтін.
Жаза басам жазырып, беттен алмай,
Қабағымнан ықтырып, қозбен жейтін!

Мен дегенде қалмайтын жаным аяп,
Өтемін бе бір досқа жарымай-ақ?
Досқа зәру, жүрегім, қиналдың-ау,
Асқа жерік қатындай ауыраақ!
Ершат ҚАЙБОЛДИН.

Ұлт мақтаншы

«Адамның адамдық, ұлттық ұлттық ең жоғары қасиеті – тіл өткірлігі мойыماسың, тіл сұлулығы кемімесін!».

Ғ. Мұстафин.

ЖАЗУШЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН НАСИХАТТАУ, ОНЫ ЖАС ҰРПАҚҚА ТАНЫТУ МАҚСАТЫНДА ТЕМІР ҚАЛАСЫ САҚТАҒАН БАЙШЕВ АТЫНДАҒЫ ЖОБМ КММ-ДЕ КӨРКЕМ СӨЗДІҢ ҚАС ШЕБЕРІ АТАҒАН ҒАБИДЕН МҰСТАФИННИҢ 120 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ, ЖАЗУШЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА АРНАЛҒАН, «ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ» АТТЫ ӨДЕБИ-САЗДЫ КЕШ ӨТТІ.

Кеш жүргізушілері Бақтыбай Өсет пен Аманғали Жасұлан, жиналған оқытушылар мен оқушыларды ақын туралы деректермен таныстырды. Кеш барысында Өтебай Перизат «Ананьң анасы», Жанажан Жұлдызай «Ер ана», Зидебай Аяғө «Өлімді жеңген ана» атты монолог оқыды. Мектебіміздің әншісі Жұмағалиева Шамшат «Ана» өлеңін шырқап, кештің сәнін келтірді. Тарих пәнінің жас мұғалімі Нұрлыбек Абылайұлы ақынның «Ана» өлеңін, сондай-ақ Қуаныш Нұрсұлтан, Темірхан Айару, Агисова Нұрғайша тағы

басқа жырларын мөнерлеп оқып берді. Бишілер тобынан құралған Қуандық Нарқыз, Есенкелді Айдана, Есен Каусар, Наурызбай Ақмарал мың бұралып, би биледі. Күй – қазақтың бағына біткен дара өнері, кастерлі дүниесі. Ұлы таланттар сан ғасырлық тарихымызды домбыра үні арқылы күй құдіретімен жеткізген. Күй өнері – қазақ халқының ең қанды, бағалы мұраларының бірі. 7 сынып оқушысы Құрманғали Аймерей домбырамен күй орындап, кешті қыздыра түскені

де ерекше болды. Тарих пәнінің мұғалімі, мектебіміздің жас маманы Нұрлыбек Абылайұлы «Ана» өлеңін оқыды. «Өлді деуге бола ма айтыңдаршы, Өлмейтұғын артында сөз қалдырған?..» дегендей, Ғабиден Мұстафиннің 120 жылдығына арналып ұйымдастырылған әдеби-кеш, оқушыларға тәрбиелі мәні зор шара болды.

Райғұл ЕСИМОВА, қазақ тілі мұғалімі.

Бұрын-соңды мемлекеттік қызметшілер өзіне қажетті жеке істеріне қол жеткізу үшін кадр маманына жүгінсе, ал еңбек демалысына, іссапарға шығуы кезінде жұмыстарының тоқтап қалуына себеп болатын. Ендігі кезекте, «Е-қызмет» ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметшілердің жеке істеріне кез келген уақытта қол жеткізуге мүмкіндіктері бар. Өйткені аталған жүйеде мемлекеттік қызметшілердің жеке істері электронды түрде сақталып тұр. Осылайша, жыл сайынғы демалысқа өтініштер, түрлі қызметтік

«МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ – БАРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТИІМДІ ЖҮЗЕГЕ АСУЫНЫҢ БАСТЫ ТЕТІГІ БОЛУЫ ҚАЖЕТ...». ОСЫЛАЙША, БАРЛЫҚ ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМЫН ТОЛЫҚТАЙ ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТҚА КӨШІРУ ТАПСЫРМАСЫ БЕРІЛІП, МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРҒА АРТЫҚ БЮРОКРАТИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІН АНЫҚТАУ, КАДР ПРОЦЕСТЕРІН АВТОМАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ КАДРЛЫҚ ӨЛЕУЕТТІ КҮШЕЙТУ МІНДЕТТЕРІ ҚОЙЫЛҒАН БОЛАТЫН. БҰЛ МІНДЕТТЕРДІҢ БІРІ «Е-ҚЫЗМЕТ» ЫҚПАЛДАСТЫРЫЛҒАН АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА.

жазбалар осы жүйе арқылы рәсімделуде және басшылықпен келісу процесі электрондық форматқа ауыстырылды. Яғни, мемлекеттік қызметшілер өздерінің жұмыс уақытын аса маңызды міндеттерді орындауға бағыттауда.

Сонымен қатар, кадр қызметшісінің жұмысы да қысқартылып, оның функциясының көп бөлігі автоматтандырылды. Нәтижесінде, бүгінгі күні облыстағы мемлекеттік органдармен рәсімделген 27035 кадрлық құжаттың 27024 құжаты немесе 99,9%-ы аталған жүйемен электронды түрде рәсімделген. Бұл ретте, облыстық мемлекеттік қызмет істері департаменті барлық мемлекеттік қызметшілерге «Е-қызмет» ақпараттық

құжатын түрінде өтініш жазып, басшылардың келісімін алуы үшін оларға жүгінуі қажет болатын. Бұл өз кезегінде жұмыс уақытының тиімсіз жұмсалуына, негізгі

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ АВТОМАТТАНДЫРЫЛДЫ

Құттықтау



Зейнетова
Зияда
Аманжолевна

1962 жылы 20 қарашада туылған Зейнетова Зияда Аманжолевна еңбек жолын 1982 жылы бастады. Бүгінде «Кеңқияқмұнай» МТӨБ-нің химиялық лабораториясының химиялық талдау лабораториясының бөлімі еңбек етеді. Жұмысына тырнақалы, еңбегіне арал. Зияда Аманжолевна, мекені тараптан бірнеше рет Құрмет грамотасымен марапатталды. Атап айтсақ, 2015 жылғы қорытынды бойынша өндірістік-шаруашылық қызметінің жылдық жоспарының орындалуына қосқан үлесі үшін «Өндіріс озаты» болса, 2019 жылы экологиялық екі айлық қорытынды бойынша тазалық, асаттанғандық жұмыстарында белсенді көрсеткені үшін Құрмет грамотасымен марапатталды. Ал 2022 жылғы жылдық қорытынды бойынша өндірістік-шаруашылық қызметінің жылдық жоспарының орындалуына қосқан үлесі үшін «Өндіріс үздігі» болып марапатталып, сол жылы Қазақстан Республикасы мен КХР сәйкестігінің 25 жылдығына орай «Құрмет төсбелімінен» марапатталды. Отбасында Зияда Аманжолевна ардақты ана, немерелерінің аяулы әжесі.

**Өмір қандай тамаша құлпырады,
Бұлбұл құстар сырқайды, өн салады.
Құтты болсын туған күн келіп жеткен,
Бүгін тілек тек сізге арналады.**

**Мерейтой көп қуантып, бақ сыйласын,
Қуанышын мол беретін сәт сыйласын.
Арман менен мақсатыңыз орындалып,
Абыройлы, мақтан етер ат сыйласын.**

**Жұлдыздайын жарқырап шаршамаңыз,
Туған күнге амандықта әр жыл жетіп.
Алла өзі жар болсын, қолдап сізді,
Жүрсін дейміз қуанышты, бақытты өтіп.**

**Армандар орындалсын сіз аңсаған,
Абыройыңыз асқақтап, бақ та артып.
Бийке өрлеп, асуларды өңсеріңіз,
Бұл өмірдің қызығына балқып-шалқып.**

**Әрбір күн сәтті болсын, тәтті болсын,
Сезініріп өзіңізе балдай дәмін.
Денсаулық та әрқашан мықты болсын,
Арайлы боп шуақты атар таңын.**

**Көңілде жайма шуақ орнай тұссін,
Армандар мен мақсаттар самғап тұссін.
Бақытты күн жалғасып әрбір күні,
Жаратқаным бар жақсысын арнай тұссін.**

«Кеңқияқмұнай» МТӨБ ұжымы.

Қайыңсыздік

ТЕМІР ЖОЛ ӨТЕ ҚАУІПТІ АЙМАҚ БОЛҒАНДЫҚТАН, ЖОЛ БОЙЫНДАҒЫ ЖЕРГПЛИКТИ ТҰРҒЫНДАР ТЕМІР ЖОЛ ЕРЕЖЕЛЕРІН БІЛУІ ТИІС. ӨКІНІШКЕ ОРАЙ, ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР ОСЫ ЕРЕЖЕЛЕРДІ ЕСКЕРМЕУІ САЛДАРЫНАН АЯҚ АСТЫНАН ОРНЫ ТОЛМАС ҚАЙҒЫЛЫ ҚАЗАҒА ЖИІ ҰШЫРАП ЖАТАДЫ.

ЕРЕЖЕЛЕРДІ САҚТАУҒА ШАҚЫРАМЫЗ!



Осы жағдайдың бәрі, әсіресе балалармен болған жағдайлар, ата-аналар мен білім беру мамандарының балаларға деген қадағалау шараларын әлсіретіп алғандығынан болып отыр. Сондықтан балаларымыздың және өзіміздің жеке тәртібіміздің мәдениетін есіруге, әсіресе темір жол маңындағы ережелердің орындалуына бар құшпалымызбен атсалысуымыз керек. Осы міндеттерді орындауға аса жауапкершілікпен қарауға шақырамыз.

ПЧ-6 Қандыағаш жол станциясы.

ЖЫРАУДЫҢ АҚЫСЫ

ШӨМЕКЕЙ ШОБДАР СӨРСЕНБАЙ ЖЫРАУ, ҚЫЗЫЛҚҰМДА ҚАЗАЛЫ ҮЙЕЗИНІ, «ЗАҢҒАР» БОЛЫСЫНА ҚАРАСТЫ БІР БАЙДЫҢ ШАҚЫРУЫМЕН, ҮЙІНЕ КЕЛІП ТҮСЕДІ. БАЙ ЖЫЛЫ ШЫРАЙМЕН ҚАРСЫ АЛЫП, АС-СУЫН БЕРІП БОЛЫП: «АЛ, ЖЫРАУЫМ, ЕРТЕҢ ҚОНАҚ ШАҚЫРАМЫН. ЕЛДІҢ СЫЙЛЫ АДАМДАРЫ КЕЛЕДІ. СОҒАН ӨНЕРІҢМЕН ҚЫЗМЕТ ЖАСАП БЕР. АҚЫСЫНА БІР СЕМІЗ ҚОЙ БЕРЕМІН» ДЕПТІ. ЖЫРАУ ДА ҚҰЛШЫНЫП: «БОЛСЫН БАЙЕКЕ. ҮДЕ ҚҰДАЙДЫҢ АТЫ!» ДЕП, ӨЗІНІ АЛАР ЖАҒЫН ШЕГЕЛЕП ҚОЯДЫ.

Белгілі уақытта айтылған қонақтары келіп, жырау бір таңға жырлап береді. Қонақтар да, бай да риза болып тарасады. Ертені шөйдің үстінде, жырау байдың өзіне салқын қабақ танытып отырғанын байқап: «Байеке, рұқсат болса, жүрейін, уәделі қойымды берсеңіз» депті.

Бай кеседегі шөйін сораптап ішіп отырып: «Сол қойды бермейін деп отырмын» дейді бай. Жырау: «Оу, Байеке! Үде құдайдың бір аты емес пе? Білгенімді айтып бір түн жырладым. Қызметімен не мін таптыңыз?» десе, бай: «Сөзің тәуір екен, әуенің ұнамады» деп, кіна артыпты. Сонда жырау: «Онда бие жүгінемсі!» депті. «Кімге жүгінсең, оған жүгіп, мал-жанның егесі өзім. Ешкімнен дау-шарым жоқ» деп, бай қойды бермей жібереді...

Сөрсенбай жырау айдап отырып, «Заңғар» болысының болысы, Шөмекейдегі Алты Аспанның Бақа биіне (1822-1911 ж. ж.) келіп арыз айтады. Бақа бидің 28 жыл болыс болып, шау тарста да, талабы жүріп тұрған уақыты екен. Жыраудың арызын мұхият тындап болып, байға шақырып, шабарман жібереді. Байды қызырына алдырып, төртжар билерін шақырып, жыраудың арызы бойынша іс қарайды.

Сонда Бақа би: «Байеке, үстіңізден шағым түсті. Істі қарауымызға қайылысыз ба? Хабарыңыз бар ма?» десе, бай: «Қайылым. Хабарым бар» деп, жауап берді.

Жырауға: «Үстінен шағым айтқан адамның келді. Анық осы адам ба? Басқа куә аласыз ба?» деп, сұрақ береді. Жырау: «Бір құдай куә! Үде – екеуара жасалды. Айыпкерім де, алашшылар да осы адамда. Басқа куә алмаймын» дейді.

Екі жақтың келісімін алып болған соң, би: «Байеке, жырауды үйіңізе хабар айтып арнайы шақырдыңыз ба, әлде қыдырыстап өзі келді ме?» деп, сұрақ береді. Бай: «Я, хабар айтып арнайы алдырдым» деген соң, жырауға: «Айтқан сөзің растайсыз ба?» десе, жырау: «Арнайы байекенің шақыртумен, атты адамға екі күндік жерден келдім» дейді.

Би байға: «Не мақсатпен шақырдыңыз?» деп сұрайды. Бай: «Сыйлы қонақтарыма жырлап бер» деп, шақырдым. Би: «Ақысына не алатынын жырау айтты ма, әлде өзіңіз атадыңыз ба?» Бай: «Бір семіз қой аларсың» деп өзім атадым. Би: «Ол, уәдеден неге айныдыңыз?» депті.

– Сөзі тәуір екен, әуені ұнамады. Күнде жұртқа айтып жүрген өлеңі ғой. Өлеңі өзіңде кетті. Маған қалдырған ештеңесі жоқ. Жүрттен бірдей ілті-жеді. Малым қорамда қалды. Ол малды өсіріп, қысы-жазы бағып-қағып отырған менің еңбегіме, ол шартқа сай келмейді екен. Сосын айныдым, – деп уәж айтады бай.

– Жырау қанша уақыт жырлады? – деп сұрайды би.
– Қызыл іңірден, таң сарғайып атқанша жырлады, – дейді бай.
– Өркімнің кәсібі, аузына тиетін нәсібі болады. Бұл кісінің кәсібі жыраулық екен. Сізге жасаған еңбегіне сай ақысын беріңіз керек болады. Біреудің ақ-адал несібесіне кес қылу, Апланың үкіміне қарсы келумен бірдей, – дейді би.

– Би аға, сөзіңіңіз құлдық! Мен де ақ-адал еңбегімен отырған жанмын. Ел ішіндегі билік-хандықта жұмысым жоқ. Адам тұрмақ, қорамдағы қойыма билігім жұрмелі, би шақырды деген соң алдысыңа келіп отырмын. Ұрлық-қарлығым жоқ. Тура билігін өзіңіз айттыңыз?! – депті бай қарсы уәж айтып.

Би ойланп қалады. Бай да жан айтып отыр. Қойды беруге ықпаласты емес. Арыз айтқан жыраудың еңбегі тағы бар...
Би: «Енді мына сұраққа жауап беріңіз? Сізге жыраудың сөзі ұнады ма?» десе, бай: «Сөзі, ұнады. Өуені ұнамады» деп өзіне дәлел айтты.

Би: «Онда «сөзі» сізде қалсын, жыраудың «әуенін» қайтып бересіз!» дейді. Аң-таң болған бай: «Би аға, әуенін қалай қайтып бермін? Жеті атамда «әу» дейтін жан болмаған. Ол шартының орындай алмаймын!» дейді.

– Онда екінші шарт қойылады! Соны орындасаңыз «қойыңыз» өзіңіз де қалады. Жыраудың «сөзі» де, «әуенін» де сізге қалдырамыз. Енді «дауысын» қайтып бересіз! – дейді.
Бай да бәледен бір-біреп құтылғандай бойы жөңілдеп, еңсесін көтеріп: «Би аға, оны қалай қайтарармын?» депті.

– Осы елдің азаматтарын жинап беремін. Қасымда отырып, сіз – сөз де айтпай, әуенге де салмай, бүгін қызыл іңірден, ертең таң сарғайып атқанша «ау-у-у!» деп айқайлап отырарсыз. Сонда жырауға «дауысын» қайтып бергеніңіз болады! Билік осы! Шағымданған адам да өз еңбегінің бір парасы қайтқанна қанат тұтатын болсын! – дейді би.

Бай өрі ойлап, бері ойлап: «Ойпырмай, Би аға! Айып менен. Бұл, оңай кәсіп емес екен. Жырау қойын алсын. «Бір қойға бола, есінен асақан екен» деп, өлге күлкі болармын» депті бай.
Би, Сөрсенбай жырауға: «Ал жырау, бай ақындықты берді. Айыбын мойындады. Айыбына не сұрайсыз?» депті.

Сөрсенбай жырау: «Би аға, айыбын мойындапты, ақымды алып бердіңіз, басқа өтінішім жоқ» депті.
Сонда Бақа би: «Байеке, билік түгел болсын. Айыбыңызға – ат мінгізіп, шапан жабасыз! Қазынаға – 5 сом ақша төлейсіз» деп, қолына мөр басып қағаз береді. 5 сом ақша ол кезде бір аттын құны екен...
Сонда бидің баласы, әкесінің орнына болыс болғалы жүрген Әбілтай: «Ойпырмай әке, байекені батырып жібердіңіз-ау!» депті.

Сонда би: «Қазақтың дау-шарының ұшы-қыры жоқ. Дауға төрелік айту, ауаға ау құрғанмен бірдей, беймәлім іс. Ақыл-жетіп, алдынан қайырмасаң, қашағанда бой бермей кетеді. Билік пен шешендіктің шегі, кісінің көңіліне тимей, сөз айтып, ақ-қараны аша білуде. Бай малдың бетіне қарап емес, азаматтың басын бағалап сыйласын дедім. Жыраудан елге сын, ерге мін болар сөз қалмасын дедім, Бейбаед іс – жаманға жол болмасын дедім, «Би қартайған екен, төрелігін түгел бермейсі» деген сөзден аулақ болсын дедім. Бала би мен шала бидің заманы келеді, Ел билігі өзіңе тигенде, сабақ болсын дедім» депті.
«Заңғар» болысына 28 жыл болыс болған Әйбектің ұлы Бақа би, келер жылғы сайлауда баласы Әбілтайға орын беріп, демалысқа шыққан екен деп отыратын еді, жарықтық Ләтіп қожа ағамыз!..

Алмас АЛМАТ.

АТА-АНАЛАР ЖАҚСЫ ӘСЕР АЛДЫ



ЖУЫҚТА «ЗЕРЕ» БАЛАЛАР БАҚШАСЫНДАҒЫ 10 ТОПТЫҢ АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ ӨТІП, КҮН ТӨРТІБІНДЕ «2022 ЖЫЛЫ ҚОСЫЛҒАН ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛЫ ЖОСПАРДАҒЫ ЖАНАДАН АШЫЛАТЫН ҮЙІРМЕЛЕР ТУРАЛЫ», «БИ ҮЙІРМЕСІ, ХОР (ӨН), ТАҚПАҚ (МӨНЕРЛЕП ОҚУ), ШАШКА, ҚӨЛӨНЕР, САУСАҚ ТЕАТРЫ, КӨЛЕНКЕ ТЕАТРЫ ТУРАЛЫ», «ТӨЛЕМАҚЫ ТУРАЛЫ», «БАЛАБАҚШАНЫҢ ОҚУ-МАТЕРИАЛДЫҚ БАЗАСЫН НЫҒАЙТУ, КӨРІКТЕНДІРУ ЖӘНЕ ОНДА ҚАЛЫПТЫ САНИТАРЛЫҚ-ГИГИЕНАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ЖАҚСАРТА ТҮСУ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ» МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ.

Жиналыста ата-аналар күн тәртібіндегі мәселелер жасалған мәліметтерді мұқият тыңдап, асықпай талқылады. Мұнда, әсіресе әрбір үйірме жас ерекшелігіне қарай жүргізілетіні баса айтылды. Жиналыс қортындысында

психолог Жайнагул Барлыққызы тренинг өткізді. Жиналыстың соңында «Байшешек» тобының ата-анасы Жанәева Айнур Ізтұрғанқызы сөз сөйлеп, жиыннан жақсы әсер алғанын бйідріп, бала бақша ұжымына алғыс айтып және алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі.

Ата-аналар жиналыстан кейін балабақша ішін аралады. Ата-аналарға балабақшаның үйірмесінде талғаммен жасалған бұйымдар ұнады.

Ж. Б. ТҰРҒАНБАЕВА, психолог.

Деген өкән...


АИТВ ЖӘНЕ ЖИТС ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

АИТВ-ИНФЕКЦИЯ – ИММУНДЫҚ ЖҮЙЕНІҢ БАЯУ ӨРШІТІН АҚАУЫМЕН СИПАТТАЛАТЫН, ЛИМФОЦИТТЕРДЕ, МАКРОФАГТАРДА ЖӘНЕ АДАМНЫҢ ИММУНДЫҚ ТАПШЫЛЫҚ ВИРУСЫНЫҢ (БҰДАН ӨРІ - АИТВ) ЖҮЙКЕЛІК ТІН ЖАСАУШАЛАРЫНДА КӨП ЖЫЛДЫҚ САҚТАЛУ НӘТИЖЕСİNДЕ ӨРБИТІН ИНФЕКЦИЯЛЫҚ АУРУ, ОЛ ЖҰҚТЫРЫЛҒАН ИММУНДЫҚ ТАПШЫЛЫҚ СИНДРОМЫ (БҰДАН ӨРІ ЖИТС) РЕТИНДЕ СИПАТТАЛҒАН ЕКІНШІЛІК ЗАҚЫМДАЛУДАН НАУҚАСТЫҢ ӨЛІМІНЕ ӨКЕЛЕДІ.

АИТВ ИНФЕКЦИЯСЫ ҚАЛАЙ БІЛІНЕДІ?

Иммун тапшылығы вирусы шамамен 3-6 апта ұзақтыққа созылатын инкубациялық кезеңге ие. Бұл уақыт өткеннен кейін 50-70% жағдайда келесідей белгілермен жүретін өткір мазасыздық фазасы басталады:

- дене қызуының көтерілуі (көбінесе кемінде 37,5°C).
- тамақтағы ауыру.
- Буындар мен булшық еттердегі ауыру.
- бас ауыруы.
- ұйқышылдық, жалпы әлсіздену, төбетің қашуы.
- лимфа түйіндерінің үлкеюі.
- жүрек айну, іш өту, құсу.
- төрі бөртпелері, шыршардыртқы зақымдалуы.



жұғады. Ол инені, шприцтерді, сақал қырғышты қолдану кезінде, таңба енгізу барысында болуы мүмкін. Кез келген стерилизациядан өткізбеген піскіш аспаптарды қолданған жағдайда, олар жұқтыру құралы болуы мүмкін. Жұқтырудың бұл жолы инъекциялық есірткіні тұтынушылар (ИЕТ) үшін және кем дегенде бір рет есірткіні тамыр арқылы «лас» шприцпен енгізген жағдайда жұқтырудың жетекші жолы болып табылады. Сол сияқты ИЕТ ретсіз жыныстық қатынастарға түсе береді, есірткі қабылдайтын көп қыздар коммерциялық секс жұмыскерлері (СЖ) болып табылады. Одан басқа, ИЕТ сақтану құралдарын-презервативті құтпайды. Осының барлығы ЖИТС-ты жұқтыру мүмкіндігін күшейтеді және тұрғындардың басқа да бөліктерінің арасында АИТВ-ның таралуын күшейтеді.

АИТВ ПЕН ЖИТС-ТІ БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ

• Жыныстық – гетеросексуальды және гомосексуальды қатынастар кезінде.
• парентеральды – қанмен және оның құраушыларымен шырышты қабықтың, терінің тұтастығы бұзылған жағдайда.
• перинатальды – анадан балаға – босануға дейін, босану кезінде және босанудан кейінгі кезеңдерде.
• Вирустың қан арқылы берілуі (паратеральді жол) және жұқтырылған адам қанының жұғындысы бар аспаптан тері қабаты тұтастығын пісіп алған жағдайда

АИТВ ҚАЛАЙ БЕРІЛЕМІДІ?

-қол алысқанда, жетелгенде, түшкіргенде.
-бассөйін, монша, әжетханаға барғанда.
-жөндіктер шағып алғанда.
-достық сүйісулер арқылы.
-ыдыс, киім, төсек әбзелдері арқылы.
-үй жануарларымен қарым-қатынаста.

АЗЫҚ-ТҮЛІК АРҚЫЛЫ. АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

АИТВ-ның алдын алу жолындағы ең маңызды бағыттардың бірі – АИТВ-жұқпасының тілінен берілу жолының алдын алу, яғни адамның иммун тапшылығы вирусын тасымалдаушы болып табылатын жүкті әйелдерге профилактикалық курстардан өту. Бұл терапия жатыр ішінде балаға жұқтыру қаупін мүмкіндігінше төмендетуге бағыталады. Табиғи босану жолдарын алмастырушы ілті жарып алу әдісі, жұқтырылған анадан туылған нәрестені жасанды тамақтандыру – бұлардың барлығы АИТВ-ның алдын алу жолдарының әдістері.

Гүлмира СЛАМҒАЛИЕВА, дәрігер.

БИКТЕН КӨРІНДІ



Шұбарқұдық балалар саз мектебінің шәкірті Арман Бекнұр, «Жұбановтар әлемі» мәдениет орталығының

өткен «SHABYT» III-ші Республикалық шығармашылық фестиваль-байқауында «Домбыра» аспапта ойнау номинациясы бойынша, I-ші ДӨРЕЖЕЛІ ЛАУРЕАТ иегері атанды. Сондай-ақ, фестиваль-байқауда жас дарын Арман Бекнұрдың жетекшісі Айғабылова Нұркенже мен аталған мектептің директоры Жетенов Сұңғат Сәлімгерейұлы, ескеден ұрпақты өнерге баулып, шығармашылық деңгейде дамытудағы жоғары кәсіби іскерлігі мен өз ісіне адалдығы үшін, арнайы ДИПЛОММЕН марапатталды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

Темір аудандық аумақтық және учаскелік сайлау комиссиялары № 372-ші учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы Ерназаров Василий Ивановичтің өкесі **ЕРНАЗАРОВ ИВАННЫҚ** қайтыс болуына байланысты отбастарына, ағайын-туыстарына көңіл айтады.

Темір аудандық аумақтық және учаскелік сайлау комиссиялары № 385-ші учаскелік сайлау комиссиясының төрағасының орынбасары Байниязов Ерлан Ахметкеремовичтің анасы **АБДУЛЛИНА БАҚЫТЖАН ӘБДІЛЛАҚЫЗЫНЫҢ** қайтыс болуына байланысты отбастарына, ағайын-туыстарына көңіл айтады.

Меншік иесі:
Аудандық «Темір» газеті ЖШС

Директор Мәншіхан ӘДІЛХАНҒҰЛЫ

Газет Мәдениет және Ақпарат Министрлігінде 2012 жылдың 2-тамызында тіркеліп, №12894-Г кәуәлігі берілген.

Жарияланған мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді

Газеттегі кейбір суреттер галамтордан алынды.

Темір

Аудандық «Темір» газеті ЖШС.
Мекен-жайы 030800, ҚР Ақтөбе облысы,
Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті, Байғанин көшесі, 11.

Редактор Бердихан АДИЛХАНОВ

телефоны 871346 (49-0-11)
тілшілер 2-24-72

ГАЗЕТ АПТАСЫНА БІР РЕТ ШЫҒАДЫ.
ТАРАЛЫМЫ 2160 ДАНА. ТАПСЫРЫС 1642
КӨЛЕМІ 2 БАСПА ТАБАҚ, ИНДЕКСІ 65510

«Хабар-Сервис» ЖШС баспаханасында басылады. Ақтөбе қаласы, Смағұлов 9/2
Басылу сапасы жөнінде 400 400 телефонына хабарласуға болады.